

Ата-аналарға кеңес беру пунктінің іс-шаралар жоспары бойынша:
«БАЛАҒА ҚАНДАЙ ОЙЫНШЫҚТАР ҚАЖЕТ?» тақырыбында ата-аналарға
кеңес

Ойнау арқылы балалар айналасындағыларды, қоршаған ортаны танып-біліп, есте сақтау қабілетін арттырады, ойындағысын толық жеткізуді үйренеді. Сондай-ақ, ойын олардың қиялына қанат бітіріп, алға жетелейді. Демек, ойын – жай ғана ермек не уақыт өткізу амалы емес, балалардың дұрыс өсіп-дамуында ерекше рөл атқаратын тәрбие құралы.



Кішкентай балалар біруақытта бірден 5-тен артық затқа зейін қоя алмайды: егер баланың көз алдында өте көп қызықты заттар жатса, оның жүйке жүйесіне күш түсіп, бала онымен күресе алмайды. Сондықтан психологтар балаға көп ойыншық алмауға кеңес береді. Бірақ бала ойыншық сұрай берсе, қалай бас тартамыз?

Егер балада басынан ойыншық аз болса, ол жаңа ойыншық алуға саналы түрде қарайды және кенеттен сатып алып беруді сұрамайды. Ол өзінде барды бағалайды, жаңасын аларда жақсылап ойланып таңдайды.



Ал егер балада ойыншығы өте көп болса, оның біразын көрінбейтін жерге салып тастап, санаулы түрін ғана қалдырыңыз. Бір ай өткен соң күнделікті көріп жүргенін салып тастап, оның орнына басқа ойыншықтарын шығарып беріңіз. Егер бала дүкенде ойыншық сұрап жылай берсе, қалаған ойыншығын туған күнінде немесе басқа бір мейрамда алып беретініңізді айтып келісіңіз. Сол кезде оған жаңа ойыншық шынымен де қуаныш сыйлайды. Аяқ астынан немесе ойламаған жерден ойыншық алудан бас тартыңыз.

Кейде бала ата-анасын өзіне қалай қарататынын білмей, олардың махаббатын ойыншық сұрау арқылы тексереді. Сондықтан бұл бала тәрбиесі және отбасыдағы қарым-қатынас туралы ойлану керектігін білдіретін белгі болуы да мүмкін.



